

Балманова Асель Аманбековнаның
«8D04113 – Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасы бойынша
экономика докторы дәрежесін алуға ұсынылған
«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы негізінде мемлекеттік
қызметшілердің кәсіби коммуникативтік құзыреттілігін жетілдіру»
тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне ғылыми кеңесшісінің
ПІКІРІ

Ұсынылған диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің коммуникативтік құзыреттілігін жетілдіру мәселесіне арналған. Автор мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы сапалы коммуникация мемлекеттік аппараттың тиімді жұмыс істеуінің, халық сенімін арттырудың және стратегиялық реформаларды жүзеге асырудың басты тетігі екенін атап көрсетеді.

Зерттеудің өзектілігі нормативтік-құқықтық база, мемлекеттік қызметшілерді даярлау жүйесінің қазіргі жай-күйі, коммуникативтік құзыреттерге қойылатын талаптар және эмпирикалық деректер талдауы арқылы негізделген. Мемлекеттік қызметшілердің коммуникациялық дағдыларын жетілдіру дағдарыс жағдайларында жедел әрекет етуге, ақпараттық ағындарды тиімді басқаруға және мемлекет пен қоғам арасында тұрақты байланыс орнатуға мүмкіндік беретіні айқындалған.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – коммуникативтік құзыреттіліктің көпқырлылығын ескеретін тұжырымдамалық модель әзірлеу. Автор дәстүрлі тілдік дағдылармен қатар цифрлық коммуникация, дағдарыс пен мәдениетаралық өзара әрекеттесу, эмоционалды интеллектіні дамыту секілді заманауи талаптарды қарастырады. Сонымен қатар, білім беру бағдарламалары мен біліктілік талаптарын лауазым деңгейіне қарай саралау қажеттілігі ерекше атап өтіледі. Яғни басшылар құрамы үшін стратегиялық коммуникация және келіссөздер жүргізу, төменгі буын қызметкерлері үшін жанжалдарды шешу және белсенді тыңдау дағдыларын дамытуға ден қою қажеттігі айқындалады.

Жұмыс жүйелік, салыстырмалы және контент-талдау әдістеріне сүйене отырып жүргізілген. Зерттеу нәтижелері Қазақстанда дағдарыстық, цифрлық және мәдениетаралық коммуникация салаларында мемлекеттік қызметшілерді даярлауға бағытталған жүйелі бағдарламалардың жеткіліксіз екенін көрсетті. Ал халықаралық тәжірибе (Сингапур, Германия, АҚШ) бұл бағыттар бойынша арнайы курстар енгізу мемлекеттік басқару тиімділігін айтарлықтай арттыратынын дәлелдейді.

Зерттеу аясында келесі ұсыныстар жасалды:

- әлеуметтік наразылықтар мен төтенше жағдайларда әрекет етуге мүмкіндік беретін дағдарыстық коммуникация курстарын енгізу;
- әлеуметтік желілер, чат-боттар және онлайн-консультациялар сияқты цифрлық коммуникация құралдарын қолдану бойынша оқыту жүргізу;
- Қазақстанның көпұлтты қоғамына сай мәдениетаралық коммуникация дағдыларын дамыту;
- тұлғааралық қарым-қатынас пен сенімді нығайту үшін эмоционалды интеллект (EQ) модульдерін енгізу.

Сонымен бірге коммуникативтік құзыреттерді бағалау жүйесін жетілдіру қажеттілігі анықталды. Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, автор бағалау индикаторлары лауазым деңгейіне қарай бөлінуі тиіс деген қорытындыға келеді: жоғары басшылық үшін стратегиялық коммуникация және көшбасшылық, орта буын үшін топтық жұмыс пен

жанжалдарды шешу, төменгі деңгей үшін азаматтармен тиімді қарым-қатынас жасауды ескеру.

Жұмыс тек теориялық негіздемемен шектелмей, мемлекеттік басқару жүйесіне практикалық тұрғыдан да құнды ұсыныстар береді. Зерттеу нәтижелері мемлекеттік басқару академиясының оқу бағдарламаларын жаңғыртуға, кадр саясатын жетілдіруге қолдануға лайық.

Осылайша, диссертациялық зерттеу жоғары деңгейде орындалған және диссертацияларды дайындау талаптарына толықтай жауап береді. Диссертацияның нәтижелері сенімді және негізделген, сондай-ақ зерттеуде қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді.

Осыған байланысты А.А. Балманованың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы негізінде, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби коммуникативтік құзыреттілігін жетілдіру» тақырыбындағы диссертациясы «8D04113 – Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасы бойынша экономика докторы дәрежесін алу үшін көпшілік қорғауға ұсынылуы мүмкін.

**Қазақстан Республикасының жоғары
аудиторлық палатасы жанындағы
Зерттеу, талдау және тиімділікті
бағалау орталығының
Ғылыми жобаларының жетекшісі,
PhD, профессор,
Ғылыми кеңесші**



Б. Н. Бокаев